

«ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ҮЗДІК ОҚЫТУШЫСЫ - 2017»

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің химия кафедрасының еңбегі сіңген педагог-ғалымы, техника ғылымдарының докторы, доцент **Тұрғымбаева Раушан Халдарбекқызы** «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы 2017» грантын жеңіп алды. 2018 жылдың 9 ақпанында Астана қаласында өткен жоғары оқу орнының үздік оқытушыларын марапаттау салтанатында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Е.К. Сағадиев құттықтады.

Тұрғымбаева Р.Х. ғылыми және ғылыми әдістемелік еңбектері 285-ке жуық және ҚР бойынша авторлық құқық иегері. 2016 жылы «Оценка загрязнения окружающей среды методом математического моделирования» монографиясы, 2017 жылы «Современные нефтехимические технологии» оқу-әдістемелік құралы «Ұлағат» баспасынан жарыққа шықты.

Раушан Халдарбекқызының жетекшілігімен магистрлік диссертациялар қорғалып, олардың жұмыс нәтижелері республикалық байқауларда жүлделі орындарға ие болды.

Р.Х. Тұрғымбаева 25.09.2012-25.09.2013 жылдар аралығында «Болашақ» бағдарламасы бойынша грант ұтып алып, АҚШ-тың Массачусетс Технология Институтында (МИТ) ғылыми іс-тәжірибеден өтіп, алған білім деңгейін жоғары дәрежедегі құндылықта көрсете біліп, микроб, вирустарға қарсы тұрар полимерлі композициялар синтездеді.

Раушан Халдарбекқызы бірнеше марапаттаулардың иесі, атап айтсақ: Нью Йорк ғылым Академиясының мүшесі – 2013 ж; Американың Химия Одағының мүшесі – 2013 ж; «Болашақ» Президент стипендиаты – 2012 ж; Еуропаның көрнекті ғалымы – 2014 ж; Лейбниц медалы – 2014 ж.

